1153.	Tunyssova N.	Sustainability metrics in it project management	4954
1154.	Умарова А. М.	Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесінің инновациялық дамуы	4957
1155.	Уткирова А., Ахметқалиева Д.	Қазақстанның өңірлік инновациялық дамуындағы теңсіздіктер	4961
1156.	Khamza A. E.	Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management	4964
1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

СЫРТҚЫ БОРЫШТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ**Мынжасарова Латифа Туребековна**mynzhasarovalatifa@mail.ru

бакалавр, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі – Г.А.Матайбаева

Қазақстан Республикасының сыртқы борышы – ел экономикасының дамуы мен тұрақтылығына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Сыртқы қарыз экономикалық өсуді ынталандырушы құрал бола алатын болса да, оның шамадан тыс ұлғаюы қаржылық тұрақсыздық қаупін тудырады. Қазақстанның сыртқы борышы мемлекеттік қарыздан, ұлттық компаниялар мен жеке сектордың халықаралық қаржы институттарынан алған міндеттемелерінен құралады. Соңғы жылдары бұл көрсеткіштің өсуі мен оның ұлттық экономикаға тигізетін ықпалы қоғамда жиі талқылануда. Осы зерттеуде Қазақстан Республикасының сыртқы борышының құрылымы, оның қалыптасу себептері және елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері жан-жақты қарастырылады.

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қарыз алу арқылы шешу мемлекеттік борыштың туындауы мен ұдайы өсуінің басты себебі деп айта аламыз. Бұл мемлекеттік қаржының жағдайы мен келешек перспективаларын көрсететін маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Мемлекеттік борышты қалыптастыруға, оған қызмет көрсетуге және өтеуге қатысты қаржылық қатынастар ақша айналымының жай-күйіне де, бюджеттік және салықтық салаға да, инвестицияларға да, қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің көптеген басқа элементтеріне де әсер етеді.

Сыртқы мемлекеттік борыш – белгілі бір мерзімде өтеуге жататын, белгілі бір күнге шетелдік кредиторлар алдындағы елдің қаржылық міндеттемелерінің сомасы. Елде сыртқы қарыздың болуы қалыпты әлемдік тәжірибе. Дегенмен, мемлекеттік қарыздың ұлғаюы қауіпті болатын шектеулер бар. Үнемі өсіп келе жатқан ауқымда сыртқы несиелерді тарту кредитор елдерге экономикалық және саяси тәуелділікке әкелуі мүмкін - бұл бірқатар елдерде болған және болды.

Кесте 1 - Қазақстан Республикасының сыртқы борышы, млн. АҚШ доллары

Көрсеткіштер	2022 ж	2023 ж	2024 ж	Өсу қарқыны, %	
				2024/2023	2023/2022
Сыртқы борыш	161 116,30	163 809,30	165 848,90	1,2%	1,7%
Мемлекеттік басқару органдары	12 939,10	12 610,30	11 660,40	-7,5%	-2,5%
Орталық банк	2 043,60	2 097,60	2 204,00	5,1%	2,6%
Банктер	8 006,30	10 631,10	14 706,80	38,3%	32,8%
Басқа секторлар	43 758,10	44 997,70	45 396,90	0,9%	2,8%
Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек	94 369,10	93 472,50	91 880,80	-1,7%	-1,0%

Ескерту - [1] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Кестеге талдау жасай келе, Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 2022-2024 жылдары біртіндеп өсіп, 161 116,3 млн доллардан 165 848,9 млн долларға жетті. 2023-2024 жылдары өсім қарқыны 1,2% болса, 2022-2023 жылдары 1,7% құрады.

Мемлекеттік басқару органдарының борышы тұрақты түрде азайып, 2022 жылы 12

939,1 млн доллар болса, 2024 жылы 11 660,4 млн долларға дейін төмендеді. 2023-2024 жылдары бұл көрсеткіш 7,5%-ға, ал 2022-2023 жылдары 2,5%-ға азайған.

Орталық банктің борышы 2022 жылы 2 043,6 млн доллар болса, 2024 жылы 2 204,0 млн долларға дейін өсіп, екі жыл ішінде 7,8%-ға артты. Банктердің сыртқы қарызы айтарлықтай өсіп, 2022 жылы 8 006,3 млн доллардан 2024 жылы 14 706,8 млн долларға дейін ұлғайды. 2023-2024 жылдары өсім 38,3%, ал 2022-2023 жылдары 32,8% болды.

Басқа секторлардың сыртқы борышы 2022 жылы 43 758,1 млн доллар болса, 2024 жылы 45 396,9 млн долларға жетіп, өсім қарқыны 2023-2024 жылдары 0,9%, 2022-2023 жылдары 2,8% болды.

Тікелей инвестициялар бойынша фирмааралық берешек азайып, 2022 жылы 94 369,1 млн доллардан 2024 жылы 91 880,8 млн долларға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіш 2023-2024 жылдары 1,7%-ға, 2022-2023 жылдары 1,0%-ға қысқарған.

Қазақстан Республикасының сыртқы борышы ел экономикасының жаһандық қаржы жүйесіне интеграцияланғанын көрсетеді. Республика әлемнің 196 елінің ішінде 130-ға жуығымен сыртқы қарыздық қатынастар орнатқан, бұл сыртқы қаржыландыру көздерінің әртараптандырылғанын білдіреді. Сыртқы борыш құрылымы мемлекеттік, банк, корпоративтік секторлар мен фирмааралық берешектен тұрады, ал негізгі қарыз беруші елдер экономикалық әріптестік деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Бұл талдау Қазақстан Республикасының қай елдерге қаншалықты қарыз екенін және сыртқы міндеттемелердің географиялық таралуын бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының 2024 жылғы сыртқы борышының ең ірі бес несие беруші елі мен ұйымы, млн. АҚШ доллары

Елдердің атауы	2024 ж	оның ішінде секторлар бойынша					Анықтам а ретінде: мемлекет кепілдік берген борыш
		Мемлекеттік басқару секторы	Орталық банк	Банктер	Басқа секторлар	Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек	
Нидерланд	42 090	18,1	0,5	0	1 965	40 106,30	0
Ұлыбритания	14 289	3 864	126,9	2 970	6 802	527	0
Ресей	13 468	495	7,1	276	9 120	3 570	545,8
Халықаралық ұйымдар	13 244	5 556	2 066	616,2	4 953	53,3	747
Басқа да елдер	82 758	1 727	4,00	10 845	22 558	47 624,10	1 624,20
Барлығы	165 849	11 660	2 204	14 707	45 397	91 881	2 917
Ескерту - [1] дереккөз негізінде автормен құрастырылған							

Қазақстанның 2024 жылғы сыртқы борышының ең ірі несие берушісі – Нидерланд (42,09 млрд доллар), оның ішінде негізгі үлесті фирмааралық берешек (40,1 млрд доллар) құрайды. Екінші орында Ұлыбритания (14,29 млрд доллар), онда қарыздың айтарлықтай бөлігі банктер (6,8 млрд доллар) мен мемлекеттік басқару секторына (3,86 млрд доллар) тиесілі. Ресейге (13,47 млрд доллар) қарыздың көп бөлігі басқа секторлар (9,1 млрд доллар) мен фирмааралық берешекке (3,57 млрд доллар) келеді. Халықаралық ұйымдар алдындағы борыш (13,24 млрд доллар) негізінен мемлекеттік

басқару секторы (5,56 млрд доллар) мен орталық банкке (2,07 млрд доллар) қатысты. **Басқа елдерге жалпы 82,76 млрд доллар қарыз болса, оның басым бөлігі** фирмааралық берешек (47,6 млрд доллар) пен басқа секторлардың міндеттемелеріне (22,56 млрд доллар) **байланысты. Жалпы алғанда, Қазақстанның сыртқы борышының негізгі бөлігі** тікелей инвестициялар шеңберіндегі фирмааралық берешек (91,88 млрд доллар) мен басқа секторлардың міндеттемелеріне (45,4 млрд доллар) **тиесілі.**

Кесте 3 - Қазақстан Республикасының сыртқы борышының салыстырмалы параметрлері

Көрсеткіштер	2022 ж	2023 ж	2024 ж
1. Сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоса есептегенде)	71,3	62,5	60,9
2. Сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	29,9	26,9	26,6
3. Сыртқы борыштың ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоса есептегенде)	172,1	180,7	181,1
4. Сыртқы борыштың ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	72,1	77,9	79,2
5. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоса есептегенде)	45,2	44,4	61,5
6. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	22,3	24,2	41,5
7. Сыйақы төлемдерінің ТҚЭж-на қатынасы (%)	6,8	10,0	10,0
8. Сыртқы мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік берілген борыштарды өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж-не қатынасы*	1,2	2,7	1,4
9. ҚР Ұлттық Банкінің резервтік активтерінің қысқа мерзімді сыртқы борышқа қатынасы (%)	214,7	185,6	191,4
10. ҚР Ұлттық Банкінің резервтік активтерінің қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борышқа қатынасы (Гвидотти ережесі) (%)	80,5	87,4	81,7
11. ҚР Ұлттық Банкінің резервтік активтерінің және ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінің қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борышқа қатынасы (%)	203,1	227,1	201,6
Ескерту - [2] дереккөзінен алынған			

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қарыздың салыстырмалы мөлшерін сипаттау үшін Дүниежүзілік қайта құру және даму банкі (ДҚДБ) ұсынған арнайы көрсеткіштер қолданылады. Бұл көрсеткіштер қарыз жүктемесінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және экономиканың тұрақтылығын анықтауда маңызды рөл атқарады[3].

ДҚДБ әдістемесіне сәйкес, сыртқы жалпы қарыздың (СЖК) ЖІӨ-ге қатынасы 48%-дан төмен болса – төмен қарыз жүктемесі, 48-80% аралығында – орташа, ал 80%-дан жоғары болса, жоғары қарыз жүктемесі ретінде қарастырылады. Қазақстанда бұл көрсеткіш 2022 жылы 71,3%-ды құрап, 2024 жылы 60,9%-ға дейін төмендеді, яғни орташа деңгейде қалып отыр. Ал фирмааралық берешекті қоспағанда, көрсеткіш 29,9%-дан 26,6%-ға дейін азайды, бұл төмен қарыз жүктемесіне сәйкес келеді (18-30%).

Сыртқы қарыздың тауарлар мен қызметтер экспортына (ТҚЭ) қатынасы бойынша 132%-дан төмен мән – төмен қарыз жүктемесі, 132-220% – орташа, ал 220%-дан жоғары болса, жоғары қарыз жүктемесі деп бағаланады. Қазақстанда бұл көрсеткіш 2022 жылы 172,1% болса, 2024 жылы 181,1%-ға жетіп, орташа деңгейде сақталды. Фирмааралық

берешекті қоспағанда, көрсеткіш 72,1%-дан 79,2%-ға дейін ұлғайды, бұл да орташа қарыз жүктемесіне сәйкес келеді (18-30%).

Сыйақы төлемдерінің ТҚЭ-ға қатынасы 12%-дан төмен болса – төмен, 12-20% – орташа, ал 20%-дан жоғары болса, жоғары қарыз жүктемесі деп есептеледі. Қазақстанда бұл көрсеткіш 2022 жылы 6,8%-ды құрап, 2023-2024 жылдары 10,0%-ға тұрақтады, яғни төмен қарыз жүктемесі деңгейінде.

ДҚДБ стандарттарына сүйене отырып жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында сыртқы қарыз жүктемесінің негізінен орташа деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасының төмендеуі экономикалық тұрақтылық үшін оң үрдіс болып табылады.

Сыртқы борыштың экономикалық дамуға әсері күрделі әрі көп қырлы. Бұл әсерлердің кейбіреулері оң болуы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді перспективада сыртқы қарыздың жоғары деңгейі экономикаға теріс әсер етуі мүмкін. Қазақстанның сыртқы борышының көрсеткіштеріне сүйене отырып, бірнеше ықтимал кері әсерлерді қарастырып көрейік.

Сыртқы борыштың экономикалық дамуға әсері үш негізгі аспектіден тұрады:

1. **Қаржылық тәуелділік және төлем қабілетсіздігі қаупі.** Сыртқы борыштың жоғарылауы елдің қаржылық тәуелділігін арттырып, сыртқы экономикалық факторларға осал болуына себеп болады. Бұл, өз кезегінде, төлем қабілетсіздігі қаупін күшейтеді және экономикалық өсімнің тұрақтылығына теріс ықпал етеді.

2. **Инфляциялық қысым.** Сыртқы борыштың артуы ұлттық валютаға қысым жасап, инфляциялық процестерді күшейтеді. Бұл экономикаға теріс әсер етіп, жалпы баға деңгейінің өсуіне алып келуі мүмкін.

3. **Инвестициялар мен даму мүмкіндіктерінің шектелуі.** Сыртқы қарызды өтеуге бөлінетін қаржының көлемі ішкі инвестициялар мен әлеуметтік жобаларға бөлінетін қаражатты шектейді, бұл ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді даму перспективаларына кері әсерін тигізеді.

Сыртқы борыштың өсуі Қазақстан экономикасына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Қаржылық тәуелділік, инфляциялық қысым, инвестициялар мен даму мүмкіндіктерінің шектелуі және экономикалық саясаттың шектеулері сияқты факторлар ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан сыртқы борышты басқарудағы жауапкершілік пен сақтық шаралары өте маңызды, себебі ол елдің экономикалық өсімінің және әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуына тікелей әсер етеді.

Сыртқы борыш тек қаржылық міндеттеме ғана емес, ол елдің экономикалық дамуына серпін беретін маңызды құрал болуы мүмкін. Дұрыс басқарылған жағдайда сыртқы борыш экономикалық өсімді жеделдетіп, инфрақұрылым мен өндірістік салаларды дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанның сыртқы борышының оң әсерін бірнеше негізгі аспектілер арқылы қарастыруға болады.

Сыртқы қарыз елдің инфрақұрылымын жақсартуға және маңызды жобаларды жүзеге асыруға бағытталады. Соңғы жылдары Қазақстанда халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен бірқатар ірі жобалар іске асырылды:

- **«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі** – 2 787 шақырымдық автожол, Қазақстанның көлік инфрақұрылымын дамытуға үлкен үлес қосты. Жобаны Дүниежүзілік банк (МБРР), Азия даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі және Ислам даму банкі қаржыландырды.

- **Астана халықаралық әуежайының жаңғыртылуы** – жоба Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды.

- **Астана қаласының су жүйесі мен канализациясын жетілдіру** – халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба.

- Осы және басқа да жобалар ел экономикасының өсуіне, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына және халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етті [5].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының сыртқы борышы экономикалық дамуға айтарлықтай әсер ететін фактор болып табылады. Бұл зерттеудің нәтижелері сыртқы қарыздың құрылымын, оның өсімін және әлеуметтік-экономикалық салдарларын терең талдауға мүмкіндік берді. Сыртқы борыштың артуы елдің қаржылық тәуелділігін күшейтіп, инфляциялық қысым мен төлем қабілетсіздігі қаупін туғызуы мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы қарызды өтеуге жұмсалатын қаражат ішкі инвестициялар мен әлеуметтік жобаларға бағытталатын қаражаттың көлемін шектейді. Дегенмен, сыртқы борышты дұрыс басқару жағдайында ол экономикалық өсім мен инфрақұрылымды дамытуға серпін беретін тиімді құрал бола алады. Қазақстан үшін сыртқы борыштың оң әсері ұлттық экономиканың тұрақты дамуына ықпал етуі мүмкін, мысалы, инфрақұрылымдық жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру арқылы. Енді ұсыныстарға тоқталсақ:

1. **Сыртқы борышты басқаруды жақсарту.** Мемлекеттік қаржыны басқару жүйесін жетілдіріп, сыртқы қарызды тиімді пайдалану қажет. Қарызды тек қажетті стратегиялық жобаларға жұмсау, сондай-ақ оның өтеу мерзімдерін ұтымды жоспарлау экономикаға теріс әсерлерді азайтады.

2. **Қарызды қайта құрылымдау және диверсификациялау.** Сыртқы борыштың құрылымын өзгерту арқылы оның тәуекелдерін төмендетуге болады. Әсіресе, фирмааралық берешекті азайту, сондай-ақ қарыздың бірқатар сыртқы кредиторларға тәуелділігін азайту маңызды.

3. **Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету.** Сыртқы қарызды тиімді басқарудың маңызды бөлігі — елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі өндірісті дамыту. Өндіріс пен инновацияларға инвестициялар тарту арқылы Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыруға болады.

4. **Бюджет тапшылығын төмендету.** Мемлекеттік қарызды үнемі өсірмеу үшін бюджеттік саясатты қайта қарау, қосымша табыс көздерін табу және тиімді салық саясатын жүзеге асыру қажет.

5. **Қаржылық тәуелсіздікке жету.** Сыртқы борыштың өсімін болдырмау үшін ұлттық қорларды тиімді басқару, ішкі қаржы ресурстарын тарту және халықтың жинақтарын инвестициялық құралдар ретінде пайдалану керек.

Бұл шаралар Қазақстанның сыртқы борышының теріс әсерлерін азайтуға және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыртқы борыштың қазіргі жағдайы // Ұлттық банктің ресми сайты. Қолжетімді: <https://nationalbank.kz>

2. Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы – Ұлттық банк. Жарияланған күні: 31.10.2024.

3. Сембиева Л.М. Финансы: учебное пособие для студентов экономических специальностей. Ч. 2 / Министерство образования и науки Республики Казахстан, Евразийский гуманитарный институт. – Астана: ЕГИ, 2011. – 291 б.

4. Қазақстанның сыртқы секторының тұрақтылығын бағалау тәсілдері // Ұлттық Банктің экономикалық зерттеулері, 2024. – 23 желтоқсан.

5. Какое влияние оказывают внешние займы на экономику? // Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. Қолжетімді: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/505208>.